

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.97-100

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ МІНЕЗДЕМЕСІ

*Уразова К.А.*

Экономиканың жаңа, сапалы жағдайға көшуі барысында инновациялық мүмкіндіктерді пайдалану маңызды деңгейге көтерілді. Инновациялық экономиканы қайта ұйымдастыруға тек ғылыми сыйымдылығы жоғары өндірісті дамыту мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер экономикалық өсуді қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Сыртқы әлемдік ортада үздіксіз жүріп жатқан өзгерістер дүниежүзілік экономикадағы біздің еліміздің орнын белгілейді, сондықтан инновациялық үдерістерді жетілдіру өмір сүрудің және дамудың маңызды факторына айналуға аса маңызды жайт – инновациялық негізде жұмыс істеу ел экономикасының өсуін және экономиканың құрылымдық қайта құрылуға қамтамасыз ететін қуатты тұтқаға айналуы болып табылады.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты ҚР Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс. Біз осы мақсатқа қарай табандылықпен ілгерілей береміз. Жаһандық бәсекелестіктің өсуі және әлемдегі тұрақсыздық жағдайында, 2012 жылы халқыма ұсынған «Қазақстан-2050» стратегиясының өзектілігі арта түседі. Біз қиындықтарды уақтылы болжай алдық.

«Нұрлы жол» экономикалық саясатының және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының нәтижесінде осынау қиын, жаһандық трансформацияның алғашқы кезеңінен лайықты өтіп келеміз. Тек 2014-2016 жылдар аралығында біз экономиканы қолдауға қосымша 1,7 триллион теңге жұмсадық. Мұның барлығы экономикалық өсімді және бизнесті қолдауға, 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, 2016 жылы біз ішкі жалпы өнімнің 1% өсімін қамтамасыз еттік. Бұл қазіргі күрделі жағдайда айтарлықтай маңызды. Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл – жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз» деп атап өткен [1].

Қазақстан экономикасының қазіргі даму тенденциясы күрделі өзгерістермен есте қалуда. Бір жағынан, бұл өзгерістер бүкіл әлемді қамтып үлгерген жаһандану үрдісінің алға қойып отырған талаптары десек, екіншіден еліміздің қарыштап дамып, әлемдік қоғамдастықтан лайықты орын алуының бірден-бір жолы екені даусыз. Егер ХХ ғасырды техника ғасыры болды десек, онда ХХІ жүзжылдықтың білім мен ғылым, сондай-ақ инновация ғасыры болып аталуы да тегін емес. ХХІ ғасырдың келуімен әлемдік нарықта бәсекелестік күрделене түсті, яғни экономикалық және өндірістік қатынастарда жаңа талаптар пайда болды, ол жоғары технологиялық әрі бәсекеге қабілетті жаңа

өнім өндіру. Бәсекеге қабілетті және тиімді өнім өндіру үшін әлемнің барлық елдері жаңа экономикалық саясаттарын жүзеге асыра бастады, яғни инновацияларға негізделген экономика құру тенденциясы дамыды. Қазіргі таңда инновациялық даму жолы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басым бағыты ретінде анықталады. Инновациялық дамудың өзектілігі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен пайда болды. Отандық және шетелдік тәжірибе көрсеткендей инновациялық даму-ол еліміздегі инновациялық, ғылыми-техникалық және ғылыми қызметтің тиімділігіне ресурстар мен қажетті жағдайларды қалыптастыратын ұлттық экономиканың инновациялық дамуының институционалдық негізінен тұрады. Экономикалық ғылымда қоғамның және экономиканың дамуын дәстүрлі түрде рухани, құқықтық және экономикалық салалардағы әртүрлі өзгерістермен және жаңа енгізілімдермен байланыстырады. Ғылым мен техникадағы жаңа жетістіктердің пайда болуы мен бірге технологиялық мүмкіндіктердің кеңейуі және олардың қоғамның барлық салалары мен өндірістің дамуына әсер етуінде, сондай-ақ, жаңалықтардың шығу көзі ретінде бірінші кезекте адамды қояды. XX ғасырдың басындағы Н.Кондратьев экономикалық циклдар теориясында нарықтың дамуын инновациялық белсенділікпен байланыстырады [2].

Қазіргі таңда әлемде көптеген елдер экономикасына инновацияларды енгізуде өзара төрт шешуші ресурс үшін бәсекелестікке түседі:

- табиғи ресурстар;
- адам ресурстары (дарындар);
- қаржылық ресурстар;
- заманауи тауарлар мен қызмет көрсетулердің жаһандық нарығы.

Аталған ресурстарды тиімді пайдаланып экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін әлемнің дамыған және дамушы елдері экономикасын инновацияға негіздеу барысында өздерінің ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруда. Ал инновациялық экономика түсінігіне келсек, ол – инновациялардың ағымдарына негізделген, өндірісте өте жоғары қосылған құны бар жоғары технологиялық өнімдерді және технологияларды экспорттауда әрдайым технологиялық жетілдіріп тұратын экономиканың бір түрі. Дамыған елдер инновацияға қатты көңіл бөледі. Мұндай үрдісті халықаралық статистикалық көрсеткіштерден байқауға болады. Халықаралық инновациялық индекс бойынша алғашқы ондыққа кірген елдер 1-кестеде көрсетілген.

1 – кесте. Инновациялық индекс бойынша елдердің халықаралық рейтингі

Орны	Мемлекеттер	Жалпы балл	Инновациялық шығындар	Инновациялық тиімділік
1	Оңтүстік Корея	2,26	1,75	2,55
2	АҚШ	1,80	1,28	2,16
3	Жапония	1,79	1,16	2,25
4	Швеция	1,64	1,25	1,88
5	Нидерланды	1,55	1,40	1,55
6	Канада	1,42	1,39	1,32
7	Ұлыбритания	1,42	1,33	1,37

9	Франция	1,12	1,17	0,96
8	Германия	1,12	1,05	1,09
10	Аустралия	1,02	0,89	1,05
60	Қазақстан	-0,23	-0,51	0,07

Әлемнің инновациялық экономикаларының арасында Оңтүстік Корея бірінші орынға ие болды. Бұл бағанды құру барысында келесідей критерийлер қаралған: инновацияларға кеткен шығындар; ғылыми қызметтің өнімділігі; ғылыми орталықтардың тиімділігі; зерттеудің бағыттылығы; жоғары технологиялық компаниялардың тығыздығы және т.б [3]. Шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық жүйе дамуын реттейтін комитеттер, ведомстволар немесе арнайы министрліктер сирек жағдайларда ғана құрылады. Бұл саладағы басқару міндеттері өзгеше шешіледі, яғни, жалпы ұлттық мақсаттар қою, инновациялық дамудың ұзақ мерзімді және тактикалық бағыттарын құру, іс-әрекеттердің жалпы жоспарын немесе стратегиясын құру арқылы жүзеге асырылады [4].

Экономикалық белсенділікке әсер ететін факторларға тоқталсақ.

Институционалдық – бәсекелестікте мемлекеттің және қоғамдық ұйымдардың құқықтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік қызметтерін қамтиды.

Инвестициялық – инвестициялық мүдделер және оның экономиканың құрылымдық өзгеруіне әсер ету деңгейі жатады.

Инфрақұрылымдық – шаруашылық үрдістерді қамтамасыз ететін экономика субъектілерінің қызметін сипаттайды.

Зияткерлік – білім беру орындарындағы оқыту және ғылыми қызмет, сонымен қатар біліктілігі жоғары мамандарды дайындау.

Инновациялық –шығармашылық міндеттерді шешуге және коммерцияландыру деңгейіне дейін жеткізуге бағытталған қызмет ретінде түсіндіріледі.

Инновациялық белсенділікті белгілі бір уақыт аралығында инновациялық қызметті жүзеге асыруға зерттеушілер, өнертапқыштар және кәсіпкерлердің қатысу деңгейі арқылы сипаттауға болады. Осыған байланысты инновациялық белсенділік үшке бөлінеді:

- Зерттеушілік – ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласындағы қызмет;

- Өнертапқыштық – жаңалықтар мен жасалымдарды ойлап табу саласындағы қызмет түрі;

- Іскерлік – қызмет көрсететін немесе белгілі бір тауарды өндіретін нақты экономикалық қызмет.

Инновациялық белсенділіктің төмен болуы отандық кәсіпорындардың шетелдік кәсіпорындармен бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Қазақстан кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы өндіріс пен ғылымның арасында байланыстың жоқ болуымен түсіндіріледі [5].

Қазақстанның жаңа экономикалық және инновациялық дамуына қол жеткізу үшін, инновациялық, экономикалық, білім беру және ғылыми-

техникалық саясатын жаңа деңгейде жүзеге асыруы керек. Біз өз кезегімізде оларды жүзеге асыру үшін келесілерді ұсынамыз:

1. Инновациялық қызметті қолдаудың кешенді жүйесін құру, өндірісті дамыту, бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату және ғылыми сыйымдылығы мол кәсіпкерлерді өндіру және сол арқылы отандық сұранысты қанағаттандыру;

2. Ғылыми және инновациялық қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

3. Инновациялық үрдістің инфрақұрылымын дамыту, оған қоса иақпараттық қамтамасыз ету жүйесін, сараптау жүйесін, қаржы-экономикалық жүйені, өндірістік-технологиялық қолдауды, сертификаттауды және зерттемелерді жүргізу жүйесін жетілдіру;

Аталған мәселелердің шешімін табу үшін экономиканың үлкен жүйе екендігін естен шығармауымыз керек және жаңа экономика құру, яғни инновациялық экономика құру кешенді түрде жүзеге асырылуы керек.

Қазіргі экономикасы дамыған мемлекеттер осындай жоғары деңгейлі көрсеткішке инновациялық өнімдерді өндіру мен жаңа технологияларды игеру арқылы жетіп отыр. Осы мәселені шешудің алғашқы бастамасына елдегі ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және тиімді жүзеге асыру жолдарын анықтау керек.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы қайта өңдеуші кәсіпорындардың инновациялық бәсекеге қабілеттілігін күшейту үшін инновацияларды басқаруға негізделген кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруіміз қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

[http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar)

2. Кондратьев Н.Д. Большие циклы конъюнктуры и теория предвиденья.- М.: Экономика.-2002.

3. Медиопортал новостей (дата обращение 20.02.2016 г.) <http://www.beltsynd.ru/2016/01/21/hi-tech/yuzhnaya-koreya-stala-liderom-v-sfere-innovacii> (Жаңалықтар медиопорталы).

4. Istoricheskoeobrazovanieelektronnyizhurnal«edu.e-history.kz» (Data obrashenie 20.02.2016 g.) <http://e-history.kz/ru/contents/view/714>

5. Twiss B. Managing Technological innovation. NY: Pitman Publishing, 1992.-308 pp.

*Ғылыми жетекші: Ш.Е.Саутпаева, э.ғ.к., доцент*